

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 16.21.61

<https://orcid.org/0000-0002-5739-2274>

e-mail: ulbala.alzhanbaeva@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-2709-277X>

guldarhan@inbox.ru

ТҮРКІ ЖӘНЕ АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Алжанбаева Ұлбала

PhD, ғылым кандидаты

қауымдастырылған профессор

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,

Алматы қ., Қазақстан

Рысбаева Гүлдархан Калиевна

PhD, профессор

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті

Алматы қ., Қазақстан

العلاقات اللغوية بين الدول التركية والعربية

ألجانباييفا أول بلا

دكتوراه في العلوم، أستاذ مساعد

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

ألماتي، كازاخستان

ريسبايفا جولدارخان كالييفا،

دكتور في الفلسفة، أستاذ

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

ألماتي، كازاخستان

LINGUISTIC RELATIONS BETWEEN TURKIC AND ARAB COUNTRIES

Alzhanbaeva Ulbala

PhD, Associate Professor

Egyptian University of Islamic Culture

Nur-Mubarak,

Almaty, Kazakhstan

Rysbaeva Guldarkhan Kalievna

PhD, Professor

Egyptian University of Islamic Culture

Nur-Mubarak,

Almaty, Kazakhstan

ЯЗЫКОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ ТЮРКСКИМИ И АРАБСКИМИ СТРАНАМИ

Алжанбаева Улбала

PhD, кандидат наук, доцент

Египетский университет

исламской культуры Нур-Мубарак

г. Алматы, Казахстан

Рысбаева Гульдархан Калиевна

PhD, профессор

Египетский университет

исламской культуры Нур-Мубарак

г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Түркі әлемінде шығыс тілдері мен мәдениетіне деген қызығушылық қай кезде де болғаны анық және қазіргі кезеңге дейін бәсеңдеген емес. Бұл мәселені зерттеу әлі де жалғасын таба бермек. Алайда түркі халықтарының да тілі мен мәдениетінің шығыс елдеріне тигізген ықпалы аз болған жоқ. Демек, мәселенің екінші қыры аз зерттелген, тіпті қазіргі ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерттелмеген десе де болады.

Ендігі жерде тілдік және мәдени қарым-қатынастың бір жақты болмайтынын, екі жаққа да әсері болатынын дәлелдеудің, түркілердің өздерінде сақталмаған байырғы элементтерді өзге шығыс тілдерінен іздеудің қажеттігі туды.

Түйін сөздер: түркі әлемі, шығыс мәдениеті, арабтар мен парсылар, мәдени-тарихи байланыс, түркітану, түркизм.

المُلخَص: من الواضح أنَّ الاهتمام باللُّغات والثقافات الشرقيَّة كان دائماً حاضراً في العالم التُّركيِّ ولم تضعف حتَّى اليوم. ولا يزال هذا الموضوع موضع اهتمام الباحثين. ومع ذلك، فإنَّ تأثير لغة وثقافة الشعوب التُّركيَّة على بلدان الشرق لم يكن ضئيلاً. وبالتالي، فإنَّ الجانب الآخر من القضية لم يُبحث بشكل كافٍ، بل يمكن القول إنَّه لم يُدرس بعد وفقاً للمنظورات العلميَّة الحديثة. لقد أصبح من الضَّروريِّ الآن إثبات أنَّ العلاقات اللُّغويَّة والثقافيَّة ليست أحاديَّة الجانب، بل لها تأثير متبادل. كما بات من المهمِّ البحث عن العناصر القديمة الَّتِي لم تعد موجودة في الثقافات التُّركيَّة الحاليَّة ضمن اللُّغات الشرقيَّة الأخرى.

الكلمات المفتاحيَّة: العالم التُّركيُّ، الثقافة الشرقيَّة، العرب والفرس، العلاقات الثقافيَّة والتَّاريخيَّة، الدِّراسات التُّركيَّة، التَّترك.

Abstract. It is clear that the interest in Eastern languages and cultures in the Turkic world has always existed and has not diminished to this day. The study of this issue will continue. However, the language and culture of the Turkic peoples also had a significant impact on the eastern countries. Thus, the second aspect of the problem is poorly understood, even in the context of modern scientific paradigms. Now there is a need to prove that linguistic and cultural relations are not one-sided, but to influence both sides, and to look for ancient elements in other Eastern languages, which are not preserved in the Turks themselves.

Keywords: turkic world, eastern culture, arabs and persians, cultural and historical ties, turkology, turkism.

Аннотация. Интерес к восточным языкам и культурам в тюркском мире существовал всегда и не ослабел до сегодняшнего дня. Исследование этого вопроса продолжается. Однако язык и культура тюркских народов также оказали немалое влияние на страны Востока. Таким образом, вторая сторона этого вопроса недостаточно изучена и, можно сказать, не исследована с точки зрения современных научных парадигм.

Теперь необходимо доказать, что языковые и культурные связи не являются односторонними и оказывают влияние на обе стороны. Также возникла необходимость искать древние элементы, не сохранившиеся у самих тюрков, в других восточных языках.

Ключевые слова: тюркский мир, восточная культура, арабы и персы, культурно-исторические связи, тюркология, тюркизм.

Кіріспе

Тілдік өзгерістердің нақты себептері зерттеушілерді баяғыдан-ақ қызықтырып келеді. Осы күнге дейін тіл теориясында бұл сала ең күрделі, қарама-қайшылығы мол мәселелердің қатарына жатады. Осы бір қиын түйінді шешуде тілдік өзгерістер себептерін ішкі және сыртқы себептер деп бөлу маңызды қадам болды.

Тілде тілдік жүйе элементтерінің өзара әсерінен немесе сөйлеушінің санасы мен еркінен тыс тілдік ішкі үдерістер нәтижесінде алуан түрлі өзгерістер болып жатады. Мұндайда тіл дамуының ішкі факторлары іске қосылады. Бірақ кейде тілдік өзгерістерге халықтың тілінен тыс себептер де, әлеуметтік қарым-қатынастар, экономика мен мәдениеттің дамуы, т.б. түрткі болды. Мұндай факторлар сыртқы факторлар деп аталады.

Тілдік өзгерістерге себеп болатын осындай факторлардың бірі – бір тілдің өзге тілмен қарым-қатынасқа түсуі. Тілдердің өзара қарым-қатынасы – лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, этнотарихи, т.б. факторларға байланысты құбылыс.

Тіл әдетте қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсетеді. Тілдің өзі, сондай-ақ онымен байланысты коммуникативтік қатынастар сол уақытқа дейін болған жағдайлар мен оқиғалардан келіп шығады және өз бойында болашақ дамудың элементтерін сақтайды. Әрбір қоғамдық-экономикалық формацияға тілдік тоғысулар мен олардың өзара бір-біріне әсері, тілдердің қатар өмір сүру формалары, кәсіптік және көптілділік сияқты ерекше жағдайлар тән. Сондықтан тілдік қарым-қатынас заңдылықтарын нақты әлеуметтік-тарихи контексте зерттеу қажет.

Әдістеме. Бұл мақалада зерттеу материалы ретінде араб тіліне енген түркі

сөздері қарастырылды. Олар Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. – М.,1970, Арабско-русский словарь сирийского диалекта. – М.,1978, English arabic manual for self Studu. – Cairo, Коршунова Я.Б., Шахбаз А.С. Арабско-русский учебный разговорник. – М.,1983., Ал-Джабарти Абд ар-Рахман. Египет под властью Мухаммада Али (1806-1821). – М.,1963, Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1984, Гордлевский В.А. Избранные сочинения. – М.,1961, Пумпян Г.З. Отражение русских и украинских реалий в «Путешествии патриарха Макария Антиохийского». В сборнике статей «Россия и арабский мир». – Санкт-Петербург, 1991 сияқты араб тілінің түсіндірме сөздіктерінен, екі тілді арабша-қазақша, арабша-орысша, арабша-ағылшынша сөздіктерден, араб тілінің диалектілер сөздігінен және түрлі әдеби кітаптардан алынды.

Салыстырмалы-тарихи, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, компаративистика, диахрондық, синхрондық зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер. Тілдер өзара қарым-қатынас жасай отырып, бірін-бірі байытады. Бұл үдерісті зерттеу тілдер дамуының заңдылықтарын ашуға, олардың құрылыс ерекшеліктері мен болашақта тілдер дамуының келешегін анықтауға мүмкіндік береді.

Тілдік қарым-қатынас туралы ғалымдар түрліше пікір айтады. Мысалы, Ю.Д. Дешериев «тілдік қарым-қатынас» дегенді екі немесе одан да көп тілдің немесе диалектінің бір-біріне ықпалы, бір-біріне енуі, бір тілдің өзге тілдерден түрлі тілдік фактілерді қабылдауы, сондай-ақ түрлі кезеңде болған тілдік қарым-қатынас нәтижесі деп түсінеді (Дешериев, 1966: 98).

Ал В.Ю. Розенцвейг «тілдер қарым-қатынасы және тілдердің өзара ықпалы» және «тілдік тоғысу» ұғымдарын тең қояды (Розенцвейг, 1963: 59). Бұл пікірге Е.М. Верещагин де қосылады. Ол «тілдердің өзара ықпалы», «тілдік қарым-қатынас», «тілдераралық тоғысу», «тілдердің өзара қарым-қатынасы» сияқты терминдерді синонимдер деп санайды (Верещагин, 1969: 55-56).

Т.П. Ильяшенко: «Тілдік қарым-қатынас дегеніміз – тілдік тоғысудың нәтижесі», – деген пікір айтады (Ильяшенко, 1970: 29).

Тіл білімінде тілдік тоғысу терминін алғаш қолданған А. Мартине болды. Бұл термин У. Вайнрайхтың «Языковые контакты» атты кітабы жарыққа шыққаннан кейін кең етек алды.

Орыс тіл білімінде бұл мәселемен И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба, Е.Д. Поливанов, Л.И. Баранникова, Б.А. Серебрянников, т.б. ғалымдар айналысты.

Қазақстанда бұл тақырыпқа қалам тартқан ғалымдар – А.К. Ақбердина, Р.М. Бутина, А.Е. Карлинский және т.б.

У. Вайнрайх тілдік тоғысулар билингвизм, яғни қостілділік жағдайында болады десе (Вайнрайх, 1979: 9), ал Т.П. Ильяшенко тілдік тоғысудың аясын бұлай тарылтуға болмайтынын, тілдік тоғысулар, яғни тілдік қарым-қатынас тек қостілділік негізінде ғана емес, сондай-ақ әдебиеттер, көркем және аударма әдебиеттер арасындағы қарым-қатынастар негізінде де болатынын айтады.

Тілдік қарым-қатынас әртүрлі жағдайда бола береді. Құрылысы жағынан бірдей туысқан тілдер немесе құрылысы басқа өзге тілдер арасында да тілдік қарым-қатынас орнауы мүмкін.

Тілдер қарым-қатынасы кезіндегі маңызды үдеріс – әдебиеттерде дәстүр бойынша кірме сөздер деп аталатын бөтен тілдік элементтердің бір-біріне

енуі. Сөз ауысу сөйлеу мәдениеті, тілдік норма мәселелері қатарынан маңызды орын алады. Бір тілден екінші тілге енген кірме сөздерді әдетте екі топқа бөледі. Біріншісі – ассимиляцияға ұшыраған сөздер, екіншісі – ассимиляцияға ұшырамаған сөздер. Бірінші топты атауда «кірме сөздер» (заимствование) деген термин қолданылса, екінші топты «шетелдік сөздер» (иностранные слова) деп атау орын алған.

Кірме сөздер – тарихшы үшін халықтың өткен өмірдегі мәдениетін, экономикасын, тарихының кейбір тұсын толық әрі тереңірек ашып көрсететін құнды материал. Олар бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынасы қандай болғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Шартты түрде культурологиялық аспект деп аталған бұл аспектіден басқа тілдік аспект те бар. Бұл аспектіде кірме сөздер мәселесінің маңызды деп саналатынының басты себебі – оның тілдің сөздік қорын байыту арқылы тілді жетілдірудің басты тетігі деп саналуында. Кірме сөздер – тіл құрылысын әрі қарай дамытушы факторлардың бірі.

Әрбір нақты тілдің лексикасы сол тілде сөйлеуші халықтың өмір салтының тікелей көрсеткіші. Халықтың шаруашылық, экономикалық, ғылыми және мәдени өмірін және олардың дамуын көрсете алмайтын грамматика мен фонетикадан оның басты айырмашылығы осында.

Фонетикалық немесе грамматикалық жүйелерге қарағанда құрылысы жағынан лексика жүйесі – ауысулар үшін ең ыңғайлы сала. Сондықтан лексикалық ауысулар себептерін зерттеу барысында, алдымен, сөйлеушіні өз тіліне бөтен тілдің сөздерін қабылдауға мәжбүр ететін себеп не екенін білу қажет.

Н.А. Козина мен Т.В. Лигута сөйлеушінің өз тіліне басқа тіл элемент-

терін қосып сөйлеуінің себептерін былай түсіндіреді:

1. өз сөйлеу тілін ерекшелеу, өзгеге ұқсамауға тырысу;
2. шетелдік сөздерді қолданып сөйлеу, сол бөтен тілді меңгерудің бір кезеңі деп танылуы;
3. сөздер ағынында бір сөзді бөліп, ерекшелеп көрсету, соған көңіл аударуға ұмтылу;
4. шетелдік сөзді өз тілінің сөзіне қарағанда әлдеқайда көркем, айшықты деп санауы;
5. тілде бөтен сөздің кең қолданылуы, көп таралуы;
6. өз тілінде лайықты балама болмауы немесе лезде ондай баламаны таба қоюдың қиындығы (6, 36-б.).

Көріп отырғанымыздай, бөтен сөздерді қолданудың бірқатар лингвистикалық және психологиялық себептері бар екен. Бөтен сөзді қолдану – коммуникацияның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тілдік нормадан саналы түрде ауытқу.

Кірме сөздер неліктен пайда болды? Бұл құбылыс әртүрлі халықтың қарым-қатынасы кезінде пайда болатын жаңа ұғымдар мен заттарды атау үшін қажет деп түсіндіріледі. Бұл көп жағдайда шындыққа сай келеді. Жиі қабылданып отырған сөздер қатарына географиялық атаулар, адам есімдері, азық-түлік, өсімдік, жан-жануар атаулары, т.б., яғни сөз алынып отырған халықтың өмір-салтын көрсететін сөздер жатады.

Кірме сөздер дене мүшелеріне де қатысты болуы мүмкін. Сөз қабылдау үдерісінің өзіне келетін болсақ, зерттеушілер, бөтен сөзді қабылдаушының қабылданып отырған тілді білуі міндетті емес екенін айтады. Лексикада кірме сөздердің өте мол болуының себебі осы деп түсіндіріледі.

Тілдік қарым-қатынасты ұлғайтуда екі тілді қатар меңгерген адамның да рөлі зор.

Бір тілде ғана сөйлейтін адам сөздік қорын толықтыруда тек өз халқының лексикалық материалдарына және өзінен бұрын қолданылған кірме сөздерге сүйенсе, екі тіл білетін адамның лексикалық инновациясының тұрақты көзі ретінде тағы бір тіл тұрады. Екі тілде сөйлейтін адамның өз сөздік қорын толықтыру қажеттілігінің себептері: 1) зиянды омонимияның болуы; 2) синонимді қажетсінуі; 3) белгілі бір ұғымды атау үшін жеңіл әрі жиі айтылатын сөздің болмауы; 4) сыртқы әлеуметтік-мәдени себептер. Соған орай екі тілде сөйлейтін адам бір тілде сөйлейтін адамға қарағанда жаңа заттардың бөтен тілдегі атауларын қабылдауға бейім тұрады, өйткені жаңа мәдениетпен танысу жаңа сөздермен танысуға себеп болады.

Егер басқа тілдің әлеуметтік маңызы күшті болса, онда адам сол тілден ауысқан сөздерді қолдануға тырысады, сол тілді білу арқылы өзінің белгілі бір әлеуметтік статусқа ие екендігін көрсеткісі келеді. Мысалы, кезінде араб зиялыларының арасында түрік тілін білудің өзі биік мәдениеттің, зор білімпаздықтың белгісі болған. Арабтарда «Түрікше білмеген – Алладан қорықпаған» деген мәтел сөз де болған (Рүстемов, 19812: 11).

Тілдің неліктен бөтен сөздермен толығыатынын, оның себебін В.А. Гордлевскийдің сөзінен байқауға болады. Көп білетіндігін көрсеткісі келген саудагер сатып алушыларды түріктің «бирун» (пожалуйте) «буйырың» сөзімен шақырады.

Ал түрік тағамын жақсы көретін кейбір шенеуніктер араб тілін түрік тағамдарының атымен байытты. Мысалы, «йабрак» – жүзім жапырағына орап пісірген ет пен күріш. Тіпті ас да-

ярлаушыны да олар түрікше «асши» деп атайды.

Ал шенеуніктердің әйелдері үй тұрмысына қажетті сөздерді айтып, таратып жүрді.

Кеңселерде баяу ойлайтын, кейбір сөздерді аударып әуре болып жатпай-ақ Ыстанбұл кеңселерінің дайын штамп-ымен жаза беретін шенеуніктер отырды. Барлық лауазым аты Түркияның кеңсе қағаздарында жазылуы бойынша аталды.

Бір қарағанда түкке тұрмайтын факт – моданың өзі де тілді байқаусыз-ақ қажетсіз, артық неологизмдермен толтырып жіберуі мүмкін. Бір кездерде Константинопольда болған қарт арабтың Дамаскіде өз сөзіне түрік сөздерін қосып сөйлеп мақтанып тұрғаны есімде. Мысырда қызметші өз қожасына «Әпендім» деп қана сөйлейтін болған (8, 145-б.).

Өз тілінде сол ұғымдардың атауы бола тұрса да бөтен атаумен атау өмірдің әр саласына орын алған.

Лексикалық ауысулар көбінде не аса қажет болған кезде, не қабылдаушы халық басқа тілге өте-мөте қызыққан кезде болатынын айттық. Бірақ жаңа заттарды атау үдерісіндегі сөздіктің бірдей еместігі лексикалық инновацияның жалғыз көзі емес. Бұл үдеріске, сондай-ақ тілдің бірқатар ішкі факторлары да әсер етеді. Олардың бірі – сөздің күнделікті сөйлеу тілінде жиі кездеспейтіндігі. Жиі қолданылатын сөз еске тез түседі, сондықтан тілден берік орын алады. Ал жиі қолданылмайтын сөз ұмытылуға бейім болады да, оның орнына басқа тілден алынған, айтуға жеңіл сөздер көп қолданылады. Мысалы, араб тіліндегі *ра исийун* – «главный» сөзінің орнына түркінің *бас* сөзі көп қолданылады. Мысалы, *башид-жауйи* – басшәуіш, *баимухандис* – башинженер, *баштамурджий* – аға санитар, т.б.

Лексикалық ауысуларға себеп болатын тілдік ішкі факторлардың екіншісі – тілде зиянды омонимияның болуы. Мысалы, *лаухун* сөзі тақта, терезе, пластинка, плакат деген сөздерді білдіреді. Түсінікті болуы үшін ол сөзге анықтауыш сөз қосып айтуға мәжбүр болады. *Жазу тақтасы* деп айту үшін тақта сөзіне жазу сөзін қосып жазу керек болды, сондықтан арабтар түркінің тақта сөзін пайдаланған.

Қажеттіліктен ауысқан сөздер негізінен сол ауысқан тілде жоқ жаңа заттар мен ұғымдарды білдіретін болып келеді. Мысалы, *бастарматун* – сүрленген ет деген сөз. Араб елінде мал аз өсіріледі, ал күннің ыстығына байланысты етті сүрлемейді. Сүр ет – арабтар үшін жаңа ұғым. *Қауурма* – қуырма, қуырдақ сөзі араб еліне даласы кең, малы көп түркі елінен келген жаңа тағамның атауы ретінде енген.

Алайда сөздердің ену жайы әрқашан бұлай бола бермейді. Кірме сөздердің өзімен бірге жаңа ұғымдарды ала келуі әр уақытта шарт емес. Кейде олар қабылдаушы тілде біртектес ұғымды білдіретін сөздермен бірге қатар өмір сүреді. Мұндай жағдайда кірме сөз бен төл сөз өзара синонимдік қатынасқа түседі.

Синонимдік қатарды құраушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірыңғай зат есім сөздерден, не бірыңғай сын есім сөздерден немесе бірыңғай етістік сөздерден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында кездеседі.

Әдетте тіл-тілде мағыналары жағынан бір-біріне тепе-тең синонимдер кездеспейді, ал егер кездесе қалса, өте сирек ұшырасады. Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанымен,

олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы бар. Синонимдес сөздердің өзара мағыналық жақындығын айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Бұлай болатындығы мынадан: синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығы көбінесе сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық-айқын аңғарыла бермейді. Бұл – бір. Екіншіден, синонимдес сөздердің бір-бірінен өзара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай белгілері стильде түрлендіре ажыратылып айтылады.

Жоғарыда айтылғандай, түркі тілдерінен араб тіліне енген сөздер де сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, соның нәтижесінде синонимдер жасалады. Мысалы, балтатун – фаъсун – балта; байрақун – аламун-ту, жалау; бұрғиййун – лаулабун – бұрғы деген синонимдік қатарлардың алдыңғы сыңары – түркі сөздері. Джиййун (-шы, -ші) жұрнағының зат есімге жалғанып тудырған кәсіпті білдіретін сөздерді санамағанда, 200-ден аса түркі сөздерінің араб тілінде синонимі бар.

Зат есімнен болған синонимдер өте көп. Оны жоғарыда айттық. Сын есімнен болған синонимдер: хулуун – татли – тәтті; ахмару – қирмизи, (ал) – қызыл; назифун – тазаһ – таза; қадим – иски – ескі; аъраджу – афсаъ – ақсақ.

Етістіктерден және үстеулерден болған синонимдер өте аз. Олар: хатама – басама- мөр басу; фатала – барама – бұрау; джауифа – баууаша – бос, қуыс болу; даджджа – даууаша – шулау, т.б.

Үстеу синонимдер: сумма – сора, сонра – соңыра; би ихласин – аджиқ –

ашық, тура; сатхиййан – шила-била – шала-пұла, т.б.

Сонымен, кірме сөздер – тілдер лексикасын байытудың өнімді жолдарының бірі десек, ол тілдер қарым-қатынасы нәтижесінде болатын құбылыс екені белгілі. Зерттеушілер пікіріне сүйенсек, қазіргі уақытта дүние жүзінде өзге тілдермен қарым-қатынасқа түспеген, басқа тілдерден сөз қабылдамаған тіл жоқ деп кесіп айта аламыз.

Әлемнің өзге тілдері сияқты түркі тілдері де айналасындағы көптеген тілмен қарым-қатынаста болып, әлі де байланысын жалғастырып отыр. Түркі тілдерінің қазіргі уақыттағы және ертедегі басқа тілдермен байланысын зерттеу тек түркі тілдері тарихына ғана емес, басқа да көрші тілдердің тарихы үшін ғылыми маңызы бар.

Ғалым К. Мұсаев қазіргі түркі тілдерін байланысына қарай төмендегідей топтарға бөледі:

1. алтай-сібір (Шығыс Түркістан) тілдері. Олар негізінен моңғол, тұңғыс-маньчжур, палео-азиат, енисей, қытай (мүмкін ежелгі жапон және корей) тілдерімен байланысқан;

2. иран, индоарий және араб тілдерімен байланысқан ортазиялық тілдер;

3. иберия-кавказ, армян, иран, славян (негізінен орыс) тілдерімен байланысқан кавказ және қырым тілдері (Солтүстік Кавказ және Закавказье);

4. фин-угор және орыс тілдерімен байланысқан Поволжье-орал тілдері;

5. грек, славян, араб және иран тілдерімен байланысқан Кіші Азия және Балқан тілдері;

6. қазіргі туысқан түркі тілдерімен және орыс тілімен қарым-қатынастағы орталық тілдер;

7. осы уақытта славян, молдова және литва тілдерімен қатысып отырған

изоляциядағы (қарайым және гагауз) тілдер (Мусаев, 1984: 121-122).

Аталған байланыстардың ішіндегі ең көп зерттелгені – түркі-славян және түркі-моңғол байланыстары. Түркі-славян тілдік қатынастарына түркологтармен қатар славистер, олардың ішінде русистер көп көңіл бөлді. Ал түркі тілдерінің араб тілімен байланысы бұған керісінше жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Араб тіліне шеттен ауысқан лексикалық элементтердің ішінде түркі сөздері көрнекті орын алады. Түркі сөздерінің араб тіліне ауысуы талай-талай ғасырларға созылған күрделі үдеріс болды. Э. Наджи́птің айтуы бойынша, бұл үдеріс арабтар мен түркі тайпаларының тікелей араласа бастаған 636-жылдардан басталады. Билік құрудың ауыспалы кезеңдеріне (алдымен арабтардың түркі халқына үстемдігі, кейіннен қыпшақ мәмлүктерінің, олардан соң осман түріктерінің араб халқын билеуі) орай сөз ауысулары болып жатты. Бұл құбылыс VII ғасырдан XX ғасырға дейін созылды.

Бұл тақырыпқа В.А. Гордлевский «К вопросу о влиянии турецкого языка на арабский» атты шағын мақала жазған. Араб диалектілеріндегі түрік сөздерін зерттеумен түрік ғалымы Б. Айташ айналысқан.

Араб тіліндегі түркі кірме сөздерін зерттеумен арнайы айналыспаса да, бұл мәселе туралы сөз етіп, қызығушылық білдірген қазақ ғалымдары болды. Арабша-қазақша түсіндірме сөздіктің авторы, ғалым Н.Д. Оңдасынов: «Араб, парсы тілдеріне түркі елінің де ықпалы аз болған жоқ. Мәселенің осы жағына қызығушылар ізденсе, араб-парсы сөздіктерінен жүздеген түркі сөздері мен оның элементтерін тауып алады», – десе, (Оңдасынов, 1984: 3) ғалым Л. З. Рүстемов: «Араб тілінің кезінде Шығыс ха-

лықтары тіліне тигізген әсері мол болғаны рас. Алайда бұл тілдік құбылысты сыңаржақты үдеріс ретінде түсінуге болмайды. Түркі тілдес халықтардың тілі де (соның ішінде қазақ тілі де) өз кезегінде араб және парсы әдеби тілдеріне едәуір ықпал еткені тарихи деректерден жақсы мәлім», – дейді (Рүстемов, 1982: 9).

Түркілер халық ретінде арабтарға исламның ерте кезінен-ақ белгілі болған. Мұхаммед пайғамбардың: «Түркілер сендерге тиіспейінше, сендер оларға тиіспендер», – деген сөзін IX ғасырдың ортасында жазылған еңбектерінің бірінде араб жазушысы Абу Дауда мысал етіп келтіреді. Сол IX ғасырда өмір сүрген араб ғалымы бағдадтық әл-Джахиз өз трактатында: «Түркілер – отырықшылық өмірге, бір орында ұзақ тұрақтауға, өзгеріссіз бір сарынды өмір ағысына шыдай алмайтын халық. Олар қозғалысқа жаралған. Оларға аң аулау, атқа салт міну, сайысу, азық табу және басқа елдерді басып алу тәрізді тынымсыз әрекеттер тән. Олардың басты қаруы – садақ. Түркілердің мергендігі соншалық араб садағына бір оқ салғанша, олар онын атып үлгереді. Түркілердің төрт көзі бар, екеуі бетінде, екеуі желкесінде», – деп жазады (Қадырбаев, 1997: 128).

Түркі сөздерінің араб елдеріне қандай жолмен жеткенінің тарихын қарастырайық. 1299 жылы Ноғай әскерлерін Тоқты бастаған әскерлер тас-талқан етіп жеңгеннен кейін Қара теңіз жағалауларының билеушілері Ноғайға жақтас ондаған мың қыпшақты құлдыққа сатты, Мысырға жөнелтті. Түркі құлдары халифтер мен текті мұсылмандардың жеке шаруашылық жұмыстарын атқаратын. Бертін келе Орта Азиядағы құл базарларынан жасөспірім мәмлүктерді сатып алып, тәрбиелеп, әскери дайындықтан өткізетін болды. Мұндай әскерлердің жергілікті

халықпен байланысы жоқ болғандықтан, олар қала, далаларда болып жататын түрлі бас көтерулерге қатыспайтын. Бұлардан орталық өкіметтің арқа сүйер күші ретінде халиф гвардиясы құрылды. Бір әмірдің иелігіндегі мәмлүктер *хушдаштар* деп аталды және сол әмірдің отбасы мүшелері қатарына саналды (Смирнов, 1992: 17).

Халифтерге түгелдей бағынышты, мемлекет қазынасынан айлық алатын гвардияшылар алғашында өз қызметін ақтап жүрді, бірақ уақыт өте келе олар мазасыз және өте қауіпті элементке айналды. X ғасырда гвардияның күшейгені соншалық, маңызды мемлекеттік істерді халифтер емес гвардия әскербасылары шешетін болды. Олар өздеріне ұнамаған халифтерді орнынан алып тастап, өз талаптарын орындайтын басқа халифті таққа отырғызды.

XI ғасырдың 60-жылдарында Аббасидтер әулетінен кейін құрылған Фатимидтер империясы құлап, Төменгі және Орта Египеттің билігі түркі гвардиясы қолбасшыларының қолына көшті. Осы жерде М. Қашқаридың мына сөзін келтіре кетуді жөн көрдік. «Мен Тәңірдің гүлденген мемлекетті түркілердің топырағында жаратқанын, өмір біліктерімен сол топырақты ғажайып өрнектегенін көрдім. Тәңір оларды түркілер деп атап, асқан сән-салтанатқа ие қылды. Дәуіріміздің хақандарын солардан таңдап, замана құбылысының еркін тізгінін қолдарына ұстатты. Сан мыңдаған адамдарды басқартып, адалдық істерін қолдады. Олармен бірге бір сапта күрескендерді бек құрметтеді» (Қашқари, 1993: 9).

XI ғасырдың соңында Сирияны түркі билеушілері өзара бөлісіп алды. Олар Дамаск, Халеб, Хомс, Антиохия сияқты ірі қалаларды биледі. Салах ад-Дин династиясы құраған Айюбидтер мемле-

кетінің құлауына әмірлердің өзара соғысынан басқа, сол билеушілердің әскери саясаты да себеп болды. Салах ад-Диннің кезінде-ақ әскер ішінде күрдтер мен әртүрлі түркі халықтарынан құралған уақытша бөлімдердің рөлі күшті болды. Сенімсіз әскери бөлімдерге қарсы Айюбидтер өздеріне берілген, сенімді, сатылып алынған құлдар-мәмлүктерден әскери полктер құрды. Бәсекеге түскен билеушілер бір-бірінен асып түсу үшін өз мәмлүктерінің санын көбейте түсті. Көп ұзамай-ақ мәмлүк әскерлері өздерінің қолбасшысы Бейбарыспен бірге франк корольдерінің біріккен күшін және Сирияның екі әмірін жеңіп, одан кейінгі жылдары Иерусалим, Дамаск, Баалбек, Аскалон және басқа да көптеген қалаларды басып алды. Египетте бірінен кейін бірі мәмлүктердің екі династиясы билік құрды. Олардың біріншісі бахрлықтар деп аталған Айбек бастаған қауым еді. Мәмлүктердің екінші династиясы бурджиттер немесе шеркес мәмлүктері деп аталды. Олардың дені грузиндер болды.

1250 жылы мәмлүк қолбасшыларының бірі Айбек айюбидтерді биліктен ығыстырып, өзі сұлтан атағын алды. Сол уақыттан бастап Египет пен Сирияны мәмлүктер династиясы XVI ғасырдың басына дейін биледі. Мәмлүктер мемлекет тізгінін қолына алғаннан кейін өздеріне дейін елді билеп келген күрдтер әулетін биліктен аластады. Мәмлүктердің басын біріктіріп, жеңістерге жетелеген, күні бүгінге дейін халық аузында аты аңыз болып қалған қыпшақтардың бірі Аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс болды (Дербісәлиев, 1982: 178-179).

1291 жылы Сириядан ең соңғы крест тағынушы қуылған кезде Рим папасы Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы мұсылман елдеріне блокада жариялады. Блокаданың мақсаты Сирия

мен Египетті өмірге аса қажетті ағаш, темір және құлдардан айыру еді. Ол уақытта араб елдеріне ағаш пен темір негізінен Түркиядан әкелінетін. Оңтүстік Түркиядағы Тавр тауы сыңсыған ағашқа толы еді. Таулық түріктер «тахтаджылар» – тақтайшылар төмен бағаға тақтай дайындайтын. Арзан теңіз көлігі оны Анадолы порты арқылы араб елдеріне жеткізетін. Мұндай кең ауқымдағы сауданың христиан блокадасы нәтижесінде тоқтап қалуы Түркияның да, Сирия мен Египеттің де экономикасына кері әсерін тигізді. Эгей теңізіндегі түрік флотының күшеюі және мәмлүктердің жаңа ұйымдасқан түрік князьдықтарына көз тіге бастауының сәйкес келуі кездейсоқтық емес еді. Батыстан крест тағынушылар мен шығыстан моңғолдар шабуылы қауіп төндірген кезде түріктер мен арабтар ортақ жауларына бірге қарсы тұру үшін тығыз одақтасуы қажет екенін сезінді.

Сол кезеңдегі мұсылман әлемінің ержүрек батыры Бейбарыс түріктерімен біріге отырып моңғолдардан түрік Анадолысын тартып алды және Түркиядағы исламның қорғаушы тірегі болды.

Осман мемлекеті алғашында түрік князьдықтарының бірі ғана болатын. Олар мәмлүк сұлтанын өздерінің одақтасы және қорғаушысы деп таныған еді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, араб елдерінде мәмлүктер билік құрып тұрған кездегі экономикалық және саяси жағдайлар анадолылық түріктер мен арабтарды мәмлүктердің қол астына бірігіп әрекет істеуге алып келді. Содан соң XIII ғасырдың екінші жартысында мұсылман әлеміндегі экономикалық және саяси жағынан ең құдіретті Мәмлүк сұлтанаты Анадолыдағы жаңа Түркияның аяғынан тік тұруына өз үлесін қосты.

XVI ғасырдың екінші онжылдығында португалдықтар арабтарды Үндістан

мен Қызыл теңіз аралығындағы сауда жолынан аластау мақсатымен араб саудагерлеріне шабуыл жасай бастады. Қажылыққа бара жатқан жолаушылар кемелері мен сауда кемелерін басып алып, барлық тұтқынды өлтіріп отырды. Андалусиядан Үнді мұхитына дейінгі араб жерлері үнемі шабуыл астында болды, олардың жалғыз үміті османдықтар болатын. Андалусия құлағаннан кейін түріктер Тунис пен Алжирды өз бақылауына алды, өйткені Испанияға қарсы күшті майдан ашу керек болды.

Араб жерлерінің Осман империясына бірігуі тек ислам тарихындағы ғана бетбұрыс кезең емес, сондай-ақ 1516-1916 жылдардағы арабтар тарихындағы да бетбұрыс кезең болды.

Мәмлүктер билеп отырған араб елдеріне XVI ғасырдың басында түріктер шабуыл жасады. Месопотамияны басып алғаннан кейін I Сәлім сұлтанның әскерлері Сирияны, Ливанды және т.б. елдерді басып алуға аттанды. Олар осы уақытқа дейін Египет мәмлүктерінің билігінде еді.

Бұрын мұсылман сұлтандарының ішіндегі біріншісі болуға тек мәмлүктердің ғана хақысы бар еді, өйткені олар Мекке мен Мединені және қажылыққа барар жолды күзететін. Олар «Қасиетті екеу» – Мекке мен Медине қызметшілері деген атаққа ие болатын. Мардж Дабикте мәмлүк сұлтанын жеңген Сәлім I мешітте, көпшіліктің алдында бұл атақты қабылдап алды. Бұл ислам әлеміндегі бірінші әрі басты билеуші және исламның қасиетті жерлерінің иесі әрі қорғаушысы мәмлүк сұлтанының орнын басты деген сөз еді.

Египетті жаулап алғаннан кейін-ақ түрік сұлтанының билігі Египетке бидай және басқа да азық-түлік жағынан толық тәуелді Хиджаз аймағында да жүре

бастады. 1551 жылы түріктер Триполиді басып алды.

Осылайша, XVI ғасырда Ирак, Сирия, Ливан, Палестина, Египет, Хиджаз, Алжир, Ливия, Тунис сияқты араб аймақтары орасан зор Осман империясының құрамына кірді. Әкімшілік жағынан араб елдері көптеген пашалықтар немесе уәләйәттарға, ал олар өз кезегінде санжақтарға бөлінді. Мәмлүктер мемлекет билігінен айырылса да, біраз жерге ие болып қалды. Олар сол жер үшін түрік сұлтандарына салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Ол салықты Каирдегі түрік пашасы жинап, сұлтанға табыс етіп отырды.

Іс жүзінде мәмлүктер әлі де болса Египеттің толық қожасы еді. Оларға І Сәлім әртүрлі жеңілдік жасады. Олардың бірі тіпті орнынан түскен немесе қызмет уақыты аяқталған жергілікті әкім кетіп, орнына жаңа тағайындалған әкім келгенше билікті қолында ұстайтын. Әкімдер Ыстанбұлда тағайындалып, сол жақтан жіберілетін болған. Мәмлүктердің ықпалының қайта күшейгені соншалық, түрік пашасына мәмлүк бейлерінің көңілі толмаса орнынан алып тастауға шамалары жеткен. Тек Мұхаммед Әлидің кезінде 1808 жылы мәмлүктерден алдымен жер, соңынан саяси билік те тартып алынды. 1811 жылы мәмлүктер биліктен толық айырылды.

Араб елдерінің экономикалық дағдарысқа ұшырауына байланысты енді мәдени, әдеби өмір бірте-бірте ұйқы құшағына көмілді. Араб тілін түсінбеген моңғолдар көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды қуғынға алса, түріктер араб елдеріне ресми тіл ретінде түрік тілін қабылдады.

Мемлекеттік билік басына түріктер отырғаннан кейін түрік сөздерінің ағыны тіпті күшейе түсті. Түрік сөздерін барлық

жерде әскери тап айтып, таратып жүрді.

Түріктер тіпті IX ғасырда-ақ Бағдатта мыңдап қаптап кеткен болатын. Жалпақ бетті, түз өміріне дағдыланған түріктер жоғары талғамды қала тұрғындары – арабтарға жат еді, сондықтан арабтар түріктерді жек көрді. Бағдаттың патша сарайындағы аббасид Ибрагим ибн Махди түрікше сөйлейтін, ал Мустаин халифтың уәзірі Утамыш түрік еді.

Тілді түріктендіру түріктер жаулап алған халықтардың бәріне ортақ жай еді. Түрік әкімдері араб халқына өтініш, арыздарын араб тілінде жазып әкелуіне тыйым салды.

В.А. Гордлевскийдің айтуынша, Дамаскінің араб диалектісі таза күйінде қалса, Мосул мен Бағдатта, сондай-ақ шет жақта, шығыс шекарада қоныстанған араб тайпаларында араб тілі түркі сөздерімен араласқан. Бұл орынды да, өйткені түріктердің ғасырларға созылған өктемдігінен тіл тазалығын сақтап қалу қиын еді.

Арабтар бәдәуилер мекендеген Тигр өзенінің оң жақ жағалауын түріктерше «Қаршы яқа» деп атаған. Әуестіктен, болмаса өздеріне мақтаныш көргендіктен бе әйелдер өз тілдеріне түркі сөздерін жиі араластыра сөйлеген, шетел сөздері олардың құлағына жағымды болған.

Араб тілін зерттеп қадағалаушылар Бағдаттағы араб тілінің шұбарлығын «түрік тілінің түзеуге келмейтіндей етіп қалдырған ізі» деп атап көрсеткен. Тарихи деректерге қарағанда араб ділмарлары, әскербасылары мен сол дәуірдің оқымыстылары бұл тілді жақсы меңгерген. Солардың бірі – әйгілі тарихшы әл-Айни.

Осман империясының батыс шекарасынан Алжир, Мағрибке дейін түрік үстемдігінің куәгері болған сөздер жайылып тарап жатты. Мұның бәрі түріктер алып келген цивилизацияға тән еді, бұлар-

дың көпшілігі әскери сөздер болатын, өйткені арабтар қару-жарақтың аттарын да осы көрші халықтан қабылдаған еді. Шабуылдарын жеңіспен аяқтап, Жерорта теңізінің қожасы болған түріктерден арабтар соғыс техникасы – қару-жарақтар да алып отырған.

XVII ғасырда Солтүстік Америкаға сапар шеккен Мосул әулиесі Ильяның күнделігінде мынандай сөздер кездеседі: ильчи «елші», улақ «жаушы», йедек «жетектегі ат», қонақ «аялдама». Ол Американың өзін түрікшелеп Йани Дюнья «Жаңа Дүние» деп атайды (Гордлевский, 1961: 143).

Қорытынды. Тілдік өзгерістерге себеп болатын факторлардың бірі – бір тілдің өзге тілмен қарым-қатынасқа түсуі. Тілдердің өзара қарым-қатынасы – лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, этнотарихи, т.б. факторларға байланысты құбылыс.

Түркі әлемінде шығыс тілдері мен мәдениеттеріне деген қызығушылық

қай кезде де болғаны анық және қазіргі кезеңге дейін бәсеңдеген емес. Алайда түркі халықтарының да тілі мен мәдениетінің шығыс елдеріне тигізген ықпалы аз болған жоқ. Мәселенің екінші қыры аз зерттелген.

Араб тіліне шеттен ауысқан лексикалық элементтердің ішінде түркі сөздері көрнекті орын алады. Түркі сөздерінің араб тіліне ауысуы талай-талай ғасырларға созылған күрделі үдеріс болды. Билік құрудың ауыспалы кезеңдеріне (алдымен, арабтардың түркі халқына үстемдігі, кейіннен қыпшақ мәмлүктерінің, олардан соң осман түріктерінің араб халқын билеуі) орай сөз ауысулары болып жатты. Бұл құбылыс VII ғасырдан XX ғасырға дейін созылды.

Сонымен, араб тілі өзге тілдердің лексикасын байытатын қайнар көзге айналуымен қатар, өз сөздік қорын толықтыру үшін басқа тілдерден сөз қабылдап отырған. Солардың бірі түркі тілі болғандығы зерттеу барысында анықталды.

Әдебиеттер

1. Вайнрайх У. (1979). Языковые контакты. – Киев: издательство при Киевском университете. – 263.
2. Верещагин Е.М. (1969). Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М. – 160.
3. Гордлевский В.А. (1961). Избранные сочинения. – М. Т. II. – 558.
4. Дербісәлиев Ә.Б. (1982). Араб әдебиеті. – Алматы: Мектеп. – 208.
5. Дешериев Ю.Д. (1966). Закономерности развития и взаимодействия языков в советском обществе. – М.: Наука, – 402.
6. Ильяшенко Т.Т. (1970). Языковые контакты // На материале славяно-молдавских отношений. Краткий очерк. – М.: Наука. – 205.
7. Козина Н.А., Лигута Т.В. (1981). Языковые контакты в аспекте культуры языка. – Рига.
8. Қадырбаев А. (1997). Тюрки в средневековом арабском мире IX-XI века // ҚазМУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – №12.
9. Қашқари М. (1993). Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, – 192.
10. Мусаев К.М. (1984). Лексикология тюркских языков. – М. – 232.
11. Оңдасынов Н.Д. (1984). Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп. – Қ т. – 256.

12. Розенцвейг В.Ю. (1963). О языковых контактах. Вопросы языкознания, Т1.
13. Рүстемов Л.З. (1982) Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым. – 160.
14. Смирнов В.Е. (1992). Некоторые проблемы феодального войска Османского Египта // Вестник Московского университета. Востоковедение. – №3.

References

1. Vajnrakh U. (1979). Jazykovye kontakty. – Kiev: izdatel'stvo pri Kievskom universitete. – 263.
2. Vereshhagin E.M. (1969). Psihologicheskaja i metodicheskaja harakteristika dvujazychija (bilingvizma). – M.– 160 .
3. Gordlevskij V.A. (1961). Izbrannye sochinenija. – M. T.II. – 558.
4. Derbisəliev Ə.B. (1982). Arab ədebieti. – Almaty: Mektep. – 208.
5. Desheriev Ju.D. (1966). Zakonomernosti razvitija i vzaimodejstvija jazykov v sovetskom obshhestve. – M.: Nauka, – 402.
6. Il'jashenko T.T. (1970). Jazykovye kontakty // Na materiale slavjano-moldavskih otnoshenii. Kratkij ocherk. – M.: Nauka. – 205.
7. Kozina N.A., Liguta T.V. (1981). Jazykovye kontakty v aspekte kul'tury jazyka. – Riga.
8. Қадырбаев А. (1997). Тјурки в srednevekovom arabskom mire ІІІ-ІІІ вeka // ҚазМУ habarshysy. Shығystanu serijasy. – №12.
9. Қашқари М. (1993). Тыби bir тырки tili. – Almaty: Ana tili, – 192.
10. Musaev K.M. (1984). Leksikologija tjurkskih jazykov. – M. – 232.
11. Оңдасынов N.D. (1984). Arabsha-қазақша тысindirme сөздik. – Almaty: Mektep. – К t. –256.
12. Rozenvejg V.Ju. (1963). O jazykovyh kontaktah. Voprosy jazykoznanija, T1.
13. Рүстемов Л.З. (1982) Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым. – 160.
14. Smirnov V.E. (1992). Nekotorye problemy feodal'nogo vojska Osmanskogo Egipta // Vestnik Moskovskogo universiteta. Vostokovedenie. – №3.